Махамбет аудандық білім бөлімі қызметкерлері мәжілісінің
х а т т а м а с ы

Махамбет ауылы №2 05 қаңтар 2022 жылы

Мәжіліске бөлім басшысының уақытша міндетін атқарушы Тәжікова Гүлбаршын Еділқызы төрағалық етті.

Мәжіліске қатысқандар:
1. Білім бөлімінің қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Аудандық білім бөліміне қарасты коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың, оның ішінде 17 – бөбекжай-бақша және 1 өнер мектебіне 2022 жылға жергілікті және республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға келісім-шартқа отыру туралы.

Аталған жиналысты бөлім басшысының міндетін атқарушы Г.Е.Тәжікова ашып, бөлім арқылы білім беру ұйымдарына жеке қаржыландыру жоспарына сай келісім-шартқа отыру туралы бөлім қызметкерлерінің ұсыныс пікірлерін тыңдады.

Сөйлегендер:

Бөлімнің экономисті Салихова Айдана Берікқызы: 2022 жылға бөлімге қарасты коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына жергілікті және республикалық бюджеттен барлығы 1 427 632,0 мың теңге каржы бөлінді. Оның ішінде 17 – бөбекжай-бақшаға барлығы 1 260 257,0 мың теңге (жергілікті бюджеттен – 827 858,0 мың теңге, республикалық бюджеттен – 432 399,0 мың теңге), ал 1 өнер мектебіне барлығы 167 375,0 мың теңге (жергілікті бюджеттен – 73 509,0 мың теңге, республикалық бюджеттен – 93 866,0 мың теңге). Бөлінген қаржыға жылдағы тәртіп бойынша білім беру ұйымдарымен келісім – шартқа отырылады.

Бөлімнің заңгері Бергарина Торғын Мақсотқызы: Бөлінген қаржы шегінде бөлімге қарасты коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындармен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 – желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 – бабы 3 – тармағы 19 – тармақшасы басшылыққа алына отырып, бір көзден тікелей келісім-шарт жасауды ұсынамын.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бөлімге қарасты коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындармен 2022 жылға арналған жеке қаржыландыру жоспарына сай келісім-шартқа отырылсын.

2. Бөлімге қарасты коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарынан тоқсан сайын бөлінген қаржының орындалуы туралы есебі алынсын.

Жиналыс төрағасы **Г.Е.Тәжікова**

Қатысқандар **Р.К.Мурзагалиева**
А.Б.Салихова
Т.М.Бергарина
Г.Х.Идирисова

Жиналыс хатшысы **Н.А.Аманғалиев**